

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК директоры
Калиева А. Ж.
«24» қаыпта 2025 ж. № 107/19 бұйрығы



КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

Алматы, 2025 ж.

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	МАЗМҰНЫ	
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР		3
ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЭТИКА ПРИНЦИПТЕРІ		3
УЧИЛИЩЕНІҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ		4
КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЭТИКА		5–7
МЕМЛЕКЕТПЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС		7
ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС		7
БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК		7–8
ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР		8

1-тарау. Қолданылу саласы

1.1. Осы Корпоративтік (іскерлік) этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Училище) барлық лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне, олардың атқарып отырған лауазым деңгейіне қарамастан, қолданылатын корпоративтік мәдениет пен мінез-құлықтың жалпыға бірдей міндетті қағидаларын айқындайды.

1.2. Кодексте Училище лауазымды адамы/қызметкері өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау барысында кездесуі мүмкін барлық жағдайлар мен ахуалдар толық сипатталмайды, алайда күрделі этикалық жағдайларды шешудің негізгі қағидаттары көрсетіледі.

1.3. Кодекс талаптарын сақтамау Училище лауазымды адамын немесе қызметкерін Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шектерде тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіз бола алады, ал жекелеген жағдайларда азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық қудалауға әкеп соғуы мүмкін.

2-тарау. Жалпы ережелер

2.1. Кодекс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен жалпыға танылған іскерлік этика қағидалары мен нормалары негізінде әзірленген.

2.2. Кодекстің мақсаты – Училищеде корпоративтік мәдениетті дамыту және мінез-құлықтың үздік тәжірибесін қолдану арқылы мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылды жолға қою.

2.3. Училище осы Кодекстің талаптарын Мемлекетпен және Уәкілетті органмен, Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлерімен, басқа да мүдделі тараптармен және Училищемен өзара қарым-қатынастарда, стратегиялық маңызы бар корпоративтік шешімдер қабылдауда да, сондай-ақ Училище лауазымды адамдары мен қызметкерлері күнделікті қызметте кездесетін жағдайларда да сақтауды қабылдайды және ұстанады.

3-тарау. Құндылықтар мен этика принциптері

3.1. Училищенің негізгі корпоративтік құндылықтары мыналар болып табылады:

- 1) меритократия – әрбір адамның үлесі мен жетістіктерін әділ және объективті бағалау;
- 2) құрмет – команданың басқа мүшелеріне құрметпен қарау;
- 3) адалдық – Училище ішінде және әріптестермен қарым-қатынаста адал болу;
- 4) ашықтық – әріптестер мен серіктестерге ашықтық;
- 5) командалық рух – бірлескен қызмет нәтижесінде неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ынтымақтастық;
- 6) сенім – өзара көмек пен сенім мәдениетін ұстану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік.

3.2. Училищенің қызметі этика және мінез-құлық қағидаларын сақтау негізінде Училище мен барлық мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастарға сүйенеді. Өзара міндеттемелерді сақтау – конструктивті жұмыстың міндетті шарты.

4-тарау. Училищенің этикалық нормалары

4.1. Училище өз мойнына мынадай міндеттемелерді алады:

1) жұмыс орнында кемсітудің немесе қысым көрсетудің, жалпыадамзаттық моральдық-этикалық құндылықтар тұрғысынан алғанда қорлайтын немесе жол берілмейтін мінез-құлықтың кез келген нысандарын болдырмау;

2) адамның қадір-қасиетін, құқықтары мен жеке бостандығын құрметтеу, әрбір қызметкерге өзінің жеке әлеуетін жүзеге асыруға тең мүмкіндіктер бере отырып, сенімге негізделген қарым-қатынас орнату;

3) еңбекақы төлеудің тиімді жүйесін құру, еңбекақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету;

4) әрбір қызметкер үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жағдайларды, жеке қауіпсіздік пен еңбекті қорғау шараларын қамтамасыз ету;

5) барлық қызметкерлерге әділ және адал қарауды қамтамасыз ету, қызметкердің өз лауазымдық міндеттерін және осы Кодексті бұзуы, сондай-ақ туындаған жанжалдарды тексерілген фактілер мен шынайы ақпарат негізінде қарау;

6) қажеттілік туған кезде қызметкерлердің кез келген деңгейдегі басшыларға еркін жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз ету;

7) корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау ортасын құру;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген қызметкерлерге қатысты құпия ақпаратты таратпау;

9) қызметкерлердің біліктілігін арттыру, өзін-өзі дамыту және кәсіби өсуге ұмтылатын қызметкерлер үшін оқу және кәсіби даму бағдарламаларына сәйкес тең жағдай жасау;

10) нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, жасына, саяси және өзге де белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеу, кадрларды іріктеу және ілгерілету рәсімдерін тек қана біліктілік талаптарына сәйкестікке, кәсіби қабілеттеріне, білімдеріне және дағдыларына сүйене отырып жүзеге асыру;

11) қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдау, сондай-ақ олардың еңбегін қауіпсіз жағдайларда ұйымдастыру;

12) жанжалдар туындаған жағдайда лауазымды адамдар мен қызметкерлер арасында ашық және сенімді диалог орнатуға жағдай жасау, еңбек даулары мен жанжалдарының алдын алу және жолын кесу үшін алдын ала шаралар қабылдау, медиация рәсімдерін пайдалану;

13) жекелеген лауазымды адамдар мен қызметкерлерге артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге заңды негіздер болған жағдайларды қоспағанда, Училищенің барлық қызметкерлеріне тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз ету;

14) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қатаң сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету.

4.2. Училищенің Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Уставы, осы Кодекс және Училищенің өзге де ішкі құжаттары талаптарына сәйкес, тараптардың тәуелсіздігі қағидатына және мемлекеттік органдар да, Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері де тарапынан сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу принципін сақтау негізінде жүзеге асырылады.

5-тарау. Корпоративтік мәдениет және этика

5.1. Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері этика талаптарын түсініп және сақтай отырып, оларды бұзудың алдын алу және әріптестерімен этика саласындағы білімдерімен бөлісу арқылы Училищедегі корпоративтік мәдениетті дамытуға үлес қосуға тиіс.

5.2. Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері корпоративтік рухты қалыптастыру және Кодекс талаптарының сақталуын келесі тәсілдер арқылы қолдауға тиіс:

1) бағыныстыларымен түсіндірме сипаттағы жеке кездесулер өткізу;
2) жеке үлгі көрсету, яғни өз мінез-құлқын қызметкерлер үшін үлгі ретінде пайдалану;

3) талаптарды сақтау – жұмыс орнындағы тиімділіктің міндетті шарты екендігін баршаға түсіндіруді қамтамасыз ету.

5.3. Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын, Мемлекеттік Әнұранын – мемлекеттік рәміздерді құрметтеу;

2) корпоративтік символикаға құрметпен қарау;

3) жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормаларды сақтау, мемлекеттік және өзге тілдерге, халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

4) сыпайы және әдепті болу;

5) немқұрайдылық пен дөрекілікке төзбеушілік таныту;

6) әріптестеріне қолдау мен көмек көрсету;

7) көмек толық көлемде көрсетілмеген жағдайда да, көрсетілген көмек үшін әрдайым ауызша алғыс білдіру;

8) Кодекс талаптарын, еңбек тәртібін, Училищенің тарихын, дәстүрлерін құрметтеуді және мүлкін ұқыптылықпен қараудың жеке үлгісімен көрсету;

9) Училищенің іскерлік беделін қадірлеу, Училищенің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысудан бас тарту, оның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіру әрекеттерінің алдын алу;

10) Училищенің миссиясын бөлісу және кәсіби қызметінде өзінің жеке миссиясын корпоративтік миссиямен өзара байланыстыру;

11) өзіне алған міндеттемелерді және Училище айқындаған мақсаттар мен міндеттерді орындауға, олардың нәтижелеріне толық жауапкершілікпен қарау, Училище қызметінің нәтижелеріне өз үлесінің бар екендігін сезіну;

12) еңбек тәртібін сақтау;

13) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жоғары мәдениеттілік, жауапкершілік, адалдық, академиялық адалдық және объективтілік таныту, өзара құрмет, сыпайылық және ізгіліктілік қағидаттарын басшылыққа алу;

14) кәсібилікке ұмтылу, өз білім деңгейін үнемі арттыру, отандық және шетелдік тәжірибені, ғылым жетістіктерін зерделеу;

15) жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария талаптарын сақтау;

16) адамдардың өмірі мен денсаулығына, Училище мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін жағдайлар туындағаны туралы, сондай-ақ өндірістің тоқтап қалуы туралы Училище жұмыс берушісін хабардар ету;

17) Училищенің электрондық құжат айналымы қағидаларын сақтау және барлық қажетті құжаттаманы ретпен жүргізу;

18) қызметтік міндеттерін орындау барысында белгілі болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді жария етпеу;

19) іссапарларды, жоғары тұрған органдарға өтініштерді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдарды Жұмыс берушімен жазбаша түрде келісу;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жұмыс берушіге келтірілген залалды өтеу;

21) өз құзыреті шегінде Училищеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мақсатты жұмыс жүргізу;

22) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;

23) академиялық адалдықтың және Училищенің академиялық саясатының айқын, әділ және объективті қағидаттарын сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

24) этика қағидаларын және мінез-құлық нормаларын бұзу фактілерін зерттеу мәселелері бойынша жүргізілетін тексерулерге жәрдемдесу.

5.4. Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері мыналарды жасамауға тиіс:

1) Училищені беделден айыруы мүмкін әрекеттерге жол беру;

2) өзге жеке және заңды тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруі, олардың іскерлік беделін түсіруі, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде сотта өз беделін қорғауына әкеп соғуы мүмкін тікелей немесе жанама сипаттағы пікірлер айту;

3) әріптестердің, білім алушылардың немесе өзге тұлғалардың қадір-қасиетін қорлау, былапыт сөздер қолдану, тым еркін, менменшіл мінез-құлық көрсету;

4) қызметтік міндеттерін орындау кезінде дөрекілік пен немқұрайдылық таныту;

5) сабақ барысында білім алушылардың, әріптестердің жеке өмірін, олардың кемшіліктерін талқылау;

6) Училищеге алкогольдік ішімдіктер ішіп келу, есірткілік масаң күйде болу, Училище аумағында алкогольдік ішімдіктер ішу, белгіленбеген жерлерде темекі тарту;

7) білім алушылардан немесе контрагенттерден сыйлықтар, ақша түріндегі сыйақылар алу;

8) діни идеяларды, сондай-ақ ұлтаралық бірлік пен конфессияаралық келісімге қайшы келетін пікірлер мен ұстанымдарды тарату;

9) жұмысқа кешігумен келу, сабақтардың немесе қызметтік міндеттердің уақытын қысқарту, оларды дәлелсіз себептермен себепсіз қалдыру;

10) білім алушыларға қатысты өз қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану, білім алушыларға деген әділ емес, біржақты көзқарас таныту, олардың білімін бағалауда субъективизмге жол беру;

11) Училище әкімшілігінің шешімдері және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы жалған ақпарат тарату.

5.5. Құрылымдық бөлімше басшысы:

1) шешім қабылдау кезінде транспаренттік және бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алуға;

2) Кодекс талаптарына сәйкес басқарушылық шешімдер қабылдауға;

3) бағыныстылар арасында корпоративтік рух қалыптастыруға, ұжымды Училищенің ортақ миссиясы, құндылықтары мен қағидаттарымен біріктірілген команда ретінде топтастыруға уақыт бөлуге;

4) бағынысты қызметкерлерге кеңес беру және оларды қолдау, тәлімгерлік жасауға;

5) қызметкерлер этика қағидалары мен мінез-құлық ережелерін сақтамау туралы алаңдаушылықтарын еркін білдіретін орта қалыптастыруға, жеке үлгісімен этика қағидалары мен мінез-құлық ережелерінің сақталуын ынталандыруға;

6) бағынысты қызметкерлердің қадір-қасиетіне, өзін-өзі бағалауына және жеке мәртебесіне нұқсан келтірмеуге;

7) бағыныстылар алдында өз қателіктерін мойындай білуге және өзіне қатысты конструктивті сын үшін оларды қудаламауға;

8) ұжымда ізгілікті және іскер атмосфера қалыптастыруға тиіс.

6-тарау. Мемлекетпен өзара қарым-қатынас

6.1. Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасауда Училище және оның қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, мемлекеттік органдар актілерінің, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың және Училище қызметін регламенттейтін өзге де ішкі құжаттардың талаптарын мүлтіксіз сақтайды;

2) мемлекеттік басқару органдары тарапынан да, Училище басшылары мен қызметкерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқыққа қарсы әрекеттердің туындау мүмкіндігін болдырмауға бар күш-жігерін салады.

7-тарау. Қоғаммен байланыс

7.1. Училище қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Училище өз басшылығының жария сөз сөйлеуінде, ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе қоғаммен байланыс жөніндегі басқа да іс-шараларында шынайы емес ақпаратты таратпайды, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.

7.2. Бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде Училище атынан ресми түрде сөз сөйлеуге, Училищеде болған оқиғаларға түсініктеме беруге немесе кез келген мәлімдеме жасауға тек соған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар мен қызметкерлердің ғана құқығы бар.

7.3. Училище атынан сөз сөйлеген кезде қызметкерлер кәсіби мінез-құлық пен этиканың жалпыға ортақ нормаларын сақтауға, тек шынайы ақпарат таратуға, сондай-ақ әлеуметтік, нәсілдік және ұлттық араздықты қоздыратын ақпарат таратпауға міндетті.

7.4. Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері, егер олардың қоғамдық пікірлері:

1) Училище қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) Училищенің қызметтік ақпаратын жария етсе;

3) Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің адресіне этикаға сай келмейтін пікірлерді қамтыса,

Училищенің қызметі және жалпы қызметтік мәселелер бойынша өз пікірін жария түрде білдірмеуге тиіс.

8-тарау. Бақылау шаралары және жауапкершілік

8.1. Корпоративтік мәдениет – Училищенің барлық лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ортақ ісі.

8.2. Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері Кодекс талаптарын білуге және оларды қатаң сақтауға, сондай-ақ Училище талаптарын бұзу туралы кез келген фактілер туралы хабарлауға міндетті.

8.3. Училищенің лауазымды адамдары Училищенің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін іскерлік шешімдерді Училищенің негізгі құндылықтарын және этика

талаптарын ескере отырып қабылдайды және өздеріне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін толық жауапкершілік көтереді.

8.4. Училище Кодексті талқылауға ашық, Кодексті жетілдіру жөніндегі кез келген конструктивті ұсыныстарға оң көзқараспен қарайды және оларды қолдайды.

8.5. Осы Кодекс нормаларын бұзғаны үшін Училище лауазымды адамы немесе қызметкері тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұдан басқа, жекелеген бұзушылықтар үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін.

8.6. Кодекс талаптары және/немесе жұмыс барысында туындайтын этикалық мәселелер жөніндегі сұрақтар бойынша, сондай-ақ Кодекс талаптары бұзылған жағдайларда, педагог қызметкерінің абыройына нұқсан келтіретін әрекеттер, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттер фактілері бойынша Училищенің лауазымды адамдары мен қызметкерлері, сондай-ақ іскерлік серіктестер мен мүдделі тұлғалар тікелей басшысына және/немесе комплаенс-офицерге жүгінуге құқылы. Бұзушылықтар туралы материалдар Этика жөніндегі кеңесте қарауға жіберіледі.

8.7. Корпоративтік этика нормаларының сақталуына бақылау жасау Училищенің комплаенс-офицеріне жүктеледі.

9-тарау. Қорытынды ережелер

9.1. Өздерінің кәсіби қызметінде барлық қызметкерлер Кодексте сипатталған қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс, әрбір қызметкер Кодексті сақтау үшін жеке жауапкершілік көтереді. Егер қызметкер үшін күрделі этикалық жағдайды өз бетінше шешу мүмкін болмаса, ол кеңес пен көмек алу үшін тікелей басшысына жүгінуге міндетті.

9.2. Басшы өз бағынушыларымен Кодекстің орындалуына жауапты, оларды этикалық мінез-құлық нормаларын дұрыс түсіндіруге көмектеседі және жеке үлгісімен Училище қызметкерінің жоғары іскерлік этикасын көрсетеді. Училищенің ешбір қызметкері немесе басшысы осы Кодексті бұзатын қандай да бір әрекетті жасауға немесе оны мақұлдауға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК
корпоративтік этика кодексімен танысу туралы

[illegible]

